

**«Аваза – достық өлкесі»
халықаралық балалар фестивалі
Түркіменстан (Түркіменбашы қ.)**

Түркіменстанның Түркменбашы қаласына «Аваза – достық өлкесі» халықаралық балалар фестиваліне қатысу үшін Ақтөбе облысы Ойыл аудандық оқушылар үйі «Әсем» би тобының балалары жіберілді.

24 елдің жас делегаттарын жинаған фестиваль Каспий жағалауында «Аваза» Ұлттық туристік кешенінде ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасын келесі құрамдағы делегация таныстырды:

- 1) Оразова Жанар;
- 2) Айтқалиева Ақнұр;
- 3) Мұқашева Инжу;
- 4) Ғалымова Дана;
- 5) Әліпқалиева Әйгерім;
- 6) Сансызбаева Мадина;
- 7) Қилашова Гүлмира Жұмабайқызы – делегация жетекшісі.

Делегация құрамына 10-16 жас аралығындағы балалар кірді.

Фестивальдің негізгі міндеттері:

ұлттық дәстүрді сақтау, тереңдету, әлем елдерінің мәдениеті мен өнерін дамыту, біріктіру, әлем елдерінің өскелең ұрпақтарымен, дарынды балаларымен шығармашылық және рухани байланысты кеңейту, БҰҰ балаларды қорғау конвенциясының Халықаралық ережелерін іске асыруға ықпал ету.

Фестиваль әлем қоғамына Түркіменстанның жетістіктерін кең таныстыру, мәдени мұра, салт-дәстүр, талантты жастарды анықтау, болашақта әлем елдері балаларының достығын нығайту мақсатында ұйымдастырылған.

Фестиваль әр елдің замандастарын жақындастыруға, балалардың шығармашылық басымдығын көрсетуге және басқа халықтардың үздік дәстүрі мен мәдениетіне баулуға шақырады.